

Қ.Т. Жұмағұлов , Н.М. Абдукадыров\* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

## ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ (византиялық деректер бойынша)

XIV ғасырда түріктердің Кіші Азияда үстемдікке қол жеткізуі және Осман сұлтандығының құрылуы бұл мемлекетті Византиямен шекаралас етті. Мемлекеттердің шекаралас болуы соғыс жағдайларын қалыптастырды және саяси мәселелердің тууына алып келді. Сонымен бірге мемлекеттер арасында бір жарым ғасырдан астам уақытқа созылған көршілік қарым-қатынастар мен өзара саяси процестердің орын алуына ықпал етті. Екі мемлекеттің байланыстары әртүрлі деңгейде болып, ол саяси мәселелерге байланысты құбылып отырды. Бұл туралы византиялық деректер көптеген мәліметтер береді. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада, византиялық деректер бойынша, Осман сұлтандығының құрылуынан бастап түріктердің Константинопольді алуына дейінгі Византиямен байланыстарының тарихы қарастырылады. Ортағасырлық византиялық авторлардың хроникаларында берілген мәліметтердің негізінде XIV–XV ғасырларда түріктердің Кіші Азиядағы саяси әрекеттері мен олардың Византияға келуі және өзара мемлекетаралық елшілік, сауда қатынастарына зерттеу жүргізіледі. Осман сұлтандығы мен Византияның қарым-қатынастарының негізгі бағыттары және оның саяси мазмұны ғылыми талдауға түседі. Осман мемлекетінің Балқандағы саяси әрекеттері мен Византия империясының түрік мемлекетінің дамуына қатысты ұстанымдары зерттеледі. Екі мемлекет арасындағы саяси оқиғаларды зерттеуде византиялық деректерге салыстырмалы талдау жасау мақаланың басты міндеттерінің бірі саналады.

**Түйін сөздер:** Осман мемлекеті, Византия империясы, византиялық деректер, византиялық хроникалар, сыртқы байланыстар.

K. Zhumagulov, N. Abdukadyrov\*

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

### Political ties between the ottoman state and byzantine empire (according to byzantine sources)

In the XIV century, the Turkish conquest of Asia Minor and the establishment of the Ottoman sultanate made this state border with Byzantium. The interstate border shaped the conditions of the war and led to the emergence of political problems. At the same time, mutual good neighborly relations and political processes have been established between the states, which lasted more than a century and a half. Relations between the two states were at different levels, which depended on political issues. Byzantine sources provide new information about the relationship between these states. This scientific paper discusses the history of the Turko-Byzantine relationship, from the formation of the Ottoman Sultanate to the capture of Constantinople by the Turks according to Byzantine sources. Based on the information presented in the chronicles of medieval Byzantine authors, the movement of the Turks in Asia Minor in the XIV-XV centuries, their political pressure on Byzantium, as well as interstate diplomatic and trade relations are explored. The main directions of relations between the Ottoman Sultanate and Byzantium and their political significance are analyzed. The policy and expansion of the Ottomans in the Balkans and the position of the Byzantine Empire regarding the development of the Turkish state are studied. Under studying political events between the two states, conducting a comparative analysis and studying Byzantine sources are considered one of the main tasks of the article.

**Key words:** Ottoman state, Byzantine Empire, Byzantine sources, Byzantine chronicles, External relations.

К.Т. Жұмағұлов, Н.М. Абдукадыров\*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

### Политические связи Османского государства и Византийской империи (по византийским источникам)

В XIV веке достижение турками господства в Малой Азии и образование Османского султаната сделали это государство пограничным с Византией. Сопредельные государства создавали военные ситуации, которые приводили к возникновению политических проблем. В то же время устанавливались и добрососедские отношения и взаимные политические процессы между государствами, продолжавшиеся более полутора веков. Отношения между двумя государствами находились на разном уровне и колебались из-за политических вопросов. Византийские записи содержат много информации об этом. В данной научной статье рассматривается история взаимоотношений с Византией, от образования Османского султаната до взятия турками Константинополя по византийским данным. На основе сведений, приведенных в хрониках средневековых византийских авторов, изучается политическая деятельность тюрков в Малой Азии в XIV-XV веках, их приход в Византию, межгосударственные дипломатические и торговые отношения. Научно анализируются основные направления отношений Османского султаната и Византии и их политическое содержание. Изучена политическая деятельность Османского государства на Балканах и позиции Византийской империи по отношению к развитию Турецкого государства. Сравнительный анализ византийских данных при изучении политических событий между двумя государствами считается одной из основных задач статьи.

**Ключевые слова:** Османское государство, Византийская империя, Византийские источники, Византийские хроники, внешние связи.

#### Кіріспе

Түркі халықтары Ерте орта ғасырлардан бастап әлем тарихында қуатты мемлекеттердің бірі саналған Византия империясымен өзара байланыста болғанын бүгінгі ғылым көрсетіп отыр. Түркі халықтары құрған мемлекеттер дербес ел ретінде Византиямен саяси, көршілік, сауда-экономикалық, әскери, гуманитарлық салаларда байланыста болды. Арғы басы Халықтардың Ұлы қоныс аудару заманында Еуропадағы Ғұн мемлекеті мен Авар қағанатының кезінен бастау алып, одан соң Қыпшақ хандығы мен Алтын Орда және Осман империясы кезеңінде жалғасын тапқан Түркі әлемі мен Византия арасындағы байланыстар мен өзіндік ықпалдастық әлемдік тарихтағы аса ірі саяси процесті құрайды. Солардың бірі ретінде, Дамыған орта ғасырларда Осман мемлекеті мен Византия мемлекетінің арасындағы түрлі саладағы өзіндік қарым-қатынастар тарихы болды.

Ғылымда Осман мемлекеті мен Византия империясының арасындағы байланыстар көбінесе тек соғыс жағдайлары мен аймақта өзара бақталастыққа негізделген деген ғылыми тұжырымдар басым болып келді. Мұндай біржақты тұжырымдар осы факторлардың шынайлығын барынша зерттеуді қажет етіп ол өз кезегінде тақырыптың өзектілігін арттырды. Дегенмен, уақыт ағымына қарай жүргі-

зілген ғылыми зерттеулер мұндай біржақты тұжырымдарды теріске шығарып келеді. Осман мемлекеті мен Византияның арасында территориялық мәселелер мен оған негізделген соғыстар болғанымен, сонымен қатар өз кезегінде көршілес мемлекет ретінде саяси қарым-қатынастар да орын алып, ол белгілі бір деңгейде жүргізілді. Ал мұндай қарым-қатынастарды зерттеу Осман мемлекеті мен Византия арасындағы байланыстар бойынша тың ғылыми тақырыптардың тууына арқау болып отыр.

Кіші Азия аумағында Осман сұлтандығы өзінің құрылуынан бастап Византия империясының назарын өзіне аударған еді. Осман бейдің Анадолы жерінде өмір сүріп жатқан ірілі-ұсақты сұлтандықтар мен бейліктер (кішігірім княздік) сияқты сұлтанат құруы оның көршілермен дербес қарым-қатынас жасауына мүмкіндік берді. Анадолыда құрылған осы бір кішігірім мемлекеттің болашақта қуаты тасыған Византия сияқты империямен байланыс орнатуын және сыртқы саясатта оған ерекше ықпал ететіндей факторларды тудыратынын ешкім ойламаса керек-ті. Бұл әрине, Осман мемлекетінің құрылуынан бастап жылдам қарқынмен дамып, Анадолыда өзінің аумағын кеңейтуімен көріне бастады.

1299 жылы Осман сұлтандығының құрылуынан бастап 1453 жылы Константинопольдің османдар тарапынан басып алынуына дейін

жүргізілген байланыстар түрік тарих ғылымында өзінің бағасын алып келеді. Мұндай зерттеулер көбінесе түрік деректерінің негізінде жүргізілуде. Дегенмен, бұл мәселе аясында зерттеу жүргізуде византиялық деректер де тартылуда, өйткені тақырыптың мазмұнын ашуда византиялық деректердің құндылығы жоғары (Çolak, 2008: 330). Осы орайда, Осман мемлекеті мен Византия империясы арасында саяси шиеленістер мен соғыс факторларына тоқталып, сонымен бірге көршілік қатынастар мен елшілік және бітімгершілік фактілерін анықтауда византиялық мәліметтерге де баса назар аудару қажет. Византиялық деректер Осман мемлекеті мен Византияның қарым-қатынастары бойынша көптеген мәліметтер мен фактілердің басын ашуға көмектесетіні даусыз. Сондықтан, бұл өз кезегінде тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін арттыратыны сөзсіз.

### Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақаланы дайындауда қолданылған материалдардың ең негізгі бөлігін византиялық авторлардың хроникалары мен шығармалары құрады. Византия империясының тарихшылары ерте орта ғасырлардан бері, атап айтқанда еуропалық түркі халықтары ғұндар, савирлер, аварлар, бұлғарлар, печенегтер, кундар, оғыздар, селжұқтар, Анадолы княздіктері мен Осман мемлекетінің іргетасының қалануы мен оның өрлеу кезеңіне өту кезеңі туралы егжей-тегжейлі және бай ақпарат береді. Византиялық авторлардың шығармаларында османдардың Кіші Азияға келуі мен олардың осында Византиямен шекаралас болуы және өзара орын алған саяси процестер суреттелген. Осылардың барлығын ескере отырып, Византия тарихшыларының жазбаларының түрік тарихы үшін маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Османдар жайлы және олардың Византияға жақындауы туралы алғашқы мәліметтер Византия деректерінде XIV ғасырда кездесіп, онда Осман сұлтандығының негізін қалаушы Осман Ғазидің замандасы болған Византия тарихшысы Георгий Пахимер өз жазбаларында Осман Ғазиді алғаш атаған тарихшы (Failler, Albert; Laurent, Vitalien, 1984: 1-3) ретінде аталады. Сол сияқты XIV ғасыр туралы мәлімет беретін Византия тарихшысы Никифор Григора өз еңбегінде кундар, татарлар, моңғолдар, османдықтар туралы мәліметтер береді (Donald M. Nicol, 1993:213).

Сонымен қатар, XIV ғасырда өмір сүрген атақты византиялық тарихшы және Визан-

тия императоры болған Иоанн Кантакузиннің шығармалары құнды саналады. Ол өз еңбектерінде Осман мемлекеті мен түріктер және олардың римдіктермен байланыстары туралы жазған. Мұнымен бірге, османдардың Балқандағы рөлі туралы мәлімет берген (Ioannis Cantacuzeni, 1828). Осман империясының құрылу кезеңінде өз еңбектерін жазған осы үш византиялық тарихшының жазбаларында османдар мен византиялықтар арасында байланыстар жайлы мәліметтер берілген.

Зерттеу жұмысына қатысты келесі деректер мен ғылыми материалдар тобына кеңестік, ресейлік және түркиялық византист-ғалымдардың тарапынан жинақталған Византия империясының саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихымен байланысты болған материалдар жинақтарын жатқызамыз. Сонымен қатар, нақты және ғылыми құндылығы жоғары материалдарға сүйене отырып жарияланған еңбектер зерттеу жұмысына тартылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және методологиялық негізін тарих ғылымының тарихилық пен ғылыми объективтілік принциптерінің базалық ұстанымдары, шығармашылық талқылаудың, өзекті ғылыми және қолданбалы әлеуметтік-саяси мақсаттардың шешімін негізі ретінде плюрализмді тану мен жүйелілік құрайды. Еуропалық өркениеттің көшбасшысы саналған Византия империясы мен Шығыстық түркі-мұсылман мәдениетінің ірі өкілі ретінде танылған Осман мемлекетінің арасындағы өзара қарым-қатынастардың тарихының теориялық негіздері мен концептуалды мәселелері бұл тақырыптың бүгінгі ғылыммен және оның бағыттарымен байланысты екенін көрсетеді. Ғылыми жұмыстың жалпы әдістері тарихилықты, логика пен жүйелілікті біріктіреді. Византия мен Осман мемлекетінің арасындағы сыртқы байланыстардың деңгейін көрсетуде еуропалық және түрік ғалымдарының теориялары негізге алынды. Теория ретінде сыртқы қатынастар мен өзара ынтымақтастықты жүргізуші билік пен элитаның қызметін анықтайтын идеялар, құндылықтар мен тұжырымдар басты назарда болды.

### Нәтижелер мен талдаулар

Византия мен Осман мемлекетінің арасындағы байланыстар Осман сұлтандығының құрылған кезінен бастап жүргізілді. Түріктер өз мемлекетін құрмай тұрып-ақ византиялықтарға танымал болған еді. Анадолы аумағында бо-

лып өткен әр түрлі соғыстар мен оның ішінде кресшілердің жорығы кезінде селжұқтар мен түріктердің қызметі аз болған жоқ. Осы тұста Византияның түрік-селжұқтармен байланысында негізі екі факторды көруге болады. Оның біріншісі – Византиялықтар түркілерді федерат ретінде сыртқы тайпалардың күштерінен қорғауда пайдаланды. Екіншіден, Византиялықтар түркілерге өз деңгейінде қараған жоқ. Византия билеушілерінің мұндай саясаты мен ұстанымдары сонау ерте орта ғасырлардағы ғұндар мен аварларға қатысты жүргізілген еді. Византиядағы мұндай ұстанымдар жалпы түркі халықтарына және сырттағы басқа да халықтарға жүргізілді.

1299 жылы Осман сұлтандығы құрылғаннан кейін жағдай өзгере бастады. Осман сұлтаны дербес билеуші ретінде Византиямен байланыс орнатқысы келді. Түріктер Византияның іштей ыдырап бара жатқанын көзімен көрді. Сондықтан, өз кезегінде оның талан-таражға салынып жатқан жерлерінен өз «үлесін» алып алуға тырысып бақты. Осылайша, өз кезегінде түріктер мен византиялықтар арасында оқтын-оқтын соғыс қимылдары ұйымдастырылып отырды. Солардың бірі ретінде 1302 жылы Осман мемлекетінің басшысы Осман сұлтанның Византиямен соғысы болды. Бұл соғыс Бафей немесе Коюнхисар шайқасы деп аталып, ол 1302 жылы 18 шілде мен 27 шілде аралығында Осман сұлтандығы мен Византия арасында болып өтті. Коюнхисар шайқасы – Осман сұлтандығы мен Византия арасындағы алғашқы мемлекетаралық соғыс болды. Осман Ғазидің әскері соғыста жеңіске жетті. Түрік тарихшысы Халил Иналжықтың айтуынша, Осман империясының құрылуы осы соғыстан басталған (İnalçık, 1997: 138).

Бұл туралы мәліметтерді византиялық авторлардың хроникалары да береді. Олардың арасынан ең негізгі оқиғаларға арқау болған мәліметтер көзі ретінде Георгий Пахимердің еңбектерін атау орынды саналады (Pachymeris, 1835). Ол өз жазбаларында түріктер мен Византия арасындағы қатынастардың жалпы деңгейін көрсете отырып, Бафей (Коюнхисар) соғысы туралы жазған. Георгий Пахимер өзінің жазбаларында Осман сұлтанмен кездескені жайлы көрсетеді.

Негізінен екі мемлекеттің байланыстары туралы византиялық деректер мен хроникаларда және материалдарда әр түрлі деңгейде көрсетілді. Атап айтқанда, мемлекеттер арасындағы саяси байланыстар тарихы әр түрлі кезеңдер бойынша

сипатталған. Деректердің пайда болуы көбінесе маңызды оқиғалармен тікелей байланысты болды. Ол тарихшы болсын, епископ, діни адам болсын немесе император болуына қарамастан византиялық авторлар Византия империясына қатысты аса маңызды даталарды қағазға түсірді.

Византия мен Осман мемлекетінің арасындағы байланыстар император Иоанн VI Кантакузин тұсында жалғасты (Donald M. Nicol, 2002:138). Ол Византия империясын 1347-1354 жылдары басқарды. Өзінің басқару жылдарында ол Осман сұлтандығымен өте тығыз байланыстар орнатты. Император III Андроник қайтыс болған соң Византия тағына келген ол, көптеген күрестерден кейін ғана мемлекетте өзінің орталықтанған билігін орната алған еді. Тақ үшін күрес кезінде өзінің мемлекеттегі ішкі қарсыластары тарапынан көрсетілген әр түрлі саяси қысымға жауап ретінде ол түрік сұлтаны Орхан бейден көмек сұрады. Орхан сұлтанның көмегін алу арқылы ол өзінің билігін нығайтты, ішкі-сыртқы қатерлердің барлығына тиісті жауап бере алды. Ең маңыздысы, сыртқы байланыстарды тереңінен жалғастыру мақсатында Иоанн VI Кантакузин өзінің қызын түрік сұлтаны Орхан Ғазиге қалыңдыққа берді. Ол 1354 жылы тақтан түсіп, 1383 жылы қайтыс болды. Дегенмен, ол түріктермен тығыз байланыс орнатқан император ретінде саналды. Бұл туралы Никифор Григора өз кітабында көрсетіп, ол бойынша 1351-1359 жылдардағы жазбалары маңызды болып саналады (Theodossiou, E. T., Manimanis, et., 2006:271-273). Тарихи тұрғыдан алғанда бұл жазбалардың тақырып бойынша деректік негізі өте жоғары.

XIV ғасырдағы Византия мен османдардың байланысында құнды саналатын бұл кітаптарды Византия Иоанн VI Кантакузин өзі билікте отырған кезде жаздырған (Cantacuzeni Historiarum libri IV, 1828-1832). Ол Түрік-Византия қатынастары тұрғысынан өте бай материалдардан тұрады. Кітапта османдар туралы кең мәлімет берілген. Кітапта Османлылардың Балқандағы іс-әрекеттері туралы маңызды мәліметтер беріп, онда Палеканон соғысынан кейін Орхан бейдің 70 кемемен Текирдагқа (Фракия) жіберген күштерінің Мерич өзенінің теңізге құятын жерінің батысындағы Траянаполиске қонып, осы қала мен Верес маңын соққыға жыққанын хабарлайды (Dirimtekin, 1973, 578). Осы тұста айта кетерлігі, тараптар арасындағы байланыстардың тарихын суреттейтін византиялық тарихшылар мен оқымыстылардың көбісі грек ұлтынан шыққандар болды.

Осман мемлекетінің күшеюі мен оның Византияға ықпалы XV ғасырдың бірінші жартысында күн санап артты. Византиялықтар мен итальяндықтар, гректер түріктерге қанша дипломатиялық елшілер жіберіп, өзара қатынастарды реттеуге тырысқанымен, ол османдардың Константинопольге жорықтары жиі орын алып тұрды. Атап айтсақ, 1393, 1394, 1402, 1411 және 1422 жылдары түріктер қаланы иелену мақсатында оны қоршауға алды. Қаланы басып алу түріктердің басты стратегиясына айналған еді.

XV ғасырдың басында Византияның түбегейлі құлауына кері ықпал еткен немесе империяның өмірін ұзартқан аса бір маңызды оқиға орын алып, ол ортаазиялық атақты қолбасшы Әмір Темірдің Анадольға жасаған жорығымен байланысты болды. Осман сұлтаны I Баязид пен Темір арасындағы соғыста түрік әскері күл-талқан болып жеңілді және ол тіпті мемлекеттің еңсесін қайта тіктей алмайтындай халге жеткізді. Мемлекет бірнеше бөліктерге бөлініп, оларды жеке-дара сұлтандар басқарды. Бұл кезең 1402-1413 жылдарды қамтып, ол Осман империясының тарихында «Фитрет деври», яғни өтпелі кезең ретінде сипатталды (Necdet, 1999:64). Бұл кезде Осман мемлекетінде осы әулет өкілдері болған Мұса Челеби, Сүлеймен Челеби есімді адамдар өз алдына билік құрды (Necdet, 1999:67-68).

1413 жылы осман әулетінің өкілі билікті қайта қалпына келтіріп, көтерілісшілерді жазалады. Бөлінген бөліктерді қайта біріктірді. Сұлтандықты қайта тіктеген I Мехмет сұлтан Византиямен байланыстарды қайта тіктеді. Жақсы қарым-қатынастар орнады. Шекаралық аймақтарда сауда-саттық күшейтілді. Қолөнер дамыды. Бұл жағдай Византия үшін аса маңызды болды. Осман әулетінің жаңа билеушісі I Мехмет сұлтан Византия билеушілерінен Константинопольге қашқан өзінің бақталастарын қайтаруын сұрап, ол орындалды. Темірдің соғыстары салдарынан орын алған саяси процестер мен оның Византия үшін болған ықпалы византиялық атақты тарихшы Дуканың (Дукас) «Византия тарихы» атты еңбегінде кеңінен қамтылған. Бұл – грек тілінде сақталған және ескі итальян тіліне аударылған «Византия тарихы» 45 тараудан тұратын ірі жинақ болып, ол тақырыпқа қатысты негізгі тарихи деректердің бірі болып табылады. Мұнда 1391 жылғы оқиғалар егжей-тегжейлі сипатталған, атап айтқанда, Темірлан шапқыншылығы, Берклучи Мұстафа көтерілісі (1416-1418 жж.) т.б. туралы мәліметтер сақталған (Степанов, 1952:95-100).

Дуканың берген мәліметтеріне қарай отырып, осман сұлтаны I Мехмет тұсында, әсіресе Византия императоры II Мануил мен «достық» қарым-қатынас орнады. Көп ұзамай император жеңген жас сұлтанмен I Мехметпен араласады. 1413 жылы Осман мемлекетінің тағы үшін I Мехмет пен I Баязит сұлтанның ұрпағы Мұса Челеби арасында болған Чамурлу шайқасы алдында I Мехметпен жасаған келісімшарттарын орындау үшін Бурсадағы сарайға елші жібереді. Сұлтан II Мануил елшілерімен және Балқан билеушілерімен бейбіт келіссөздер жүргізді. Ол 1413 жылдың соңына дейін созылды. II Мануил Мұса Челебимен арақатынасы нашар еді. 1413 жылғы Чамурлу шайқасында I Мехмет жеңіске жеткен соң византиялықтар түріктерге жақындай түседі.

1402 жылғы Анкара соғысынан кейінгі кезде османдар мен Византияның арақатынасы туралы мәлімет берген Дуканың айтуынша, император II Мануил өзі жіберген делегациямен жас сұлтанға оның бақталасы болған Мұса Челебимен соңғы тартыстарында белсенді қолдау көрсеткенін еске салды. Сондай-ақ император II Мануил өз әріптесі I Мехмет сұлтанмен өздері қол қойған келісім-шартта берген уәделерін орындап, Мұса басып алған ескі Византия жерлерін қайтаруды күтетінін білдірген. Ол үшін тіпті өз елшісін де жіберген. Византия елшісіне оң көзқарас танытқан I Мехмет өз сөзінде тұрды. Сұлтан келісімді орындап, ол бойынша Қара теңіз жағалауындағы өзі басқаратын барлық жерлерді, оның ішінде Орталық Грекиядағы Фессалия аймағындағы ауылдар мен елді-мекендерді және Мәрмәр теңізі жағалауындағы өзіне тиесілі барлық жерлерді берді. Ол императорға өзінің жақсы ниетте екенін білдірді. Сұлтан I Мехмет император II Мануилді «Римдіктердің императоры» деп атады (Doukas, 2004:350).

Осман мемлекетін сұлтан I Мехмет билеген тұста ол Византиямен өте жақсы қарым-қатынаста болды. Бұл туралы византиялық авторлардың еңбектері куәландырады. Елшілік қатынастардан бастап, сауда-саттық және тіпті I Мехметтің өз қарсыластарымен билік үшін соғысы кезінде Византиямен ішінара одақтастық байланыстар да орын алды. Оның өзіндік себептері болып, бір жағынан сұлтан I Мехмет соғысқұмар болмастан тек мемлекеттік істермен айналысса, екінші жағынан бұл кезеңде осман сарайының сыртқы мәселелері көп болғандықтан, I Мехметтің кезінде түріктер Византиямен саяси тартысқа түсуді қаламады (Elâm, 2021:1215-1220).

Дей тұрғанмен, Византияны Осман мемлекеті құлатпаса да, Кіші Азиядағы басқа бір Христиан немесе мұсылман мемлекеттерінің бірі құлатуы әбден мүмкін еді. Себебі, бұл кезде Византияның айналасында оған қауіп төндіре алатын ірілі-ұсақты мемлекеттер көп еді. Сондықтан, түріктер қайта күшейген соң Византияға тағы шүйлікті. Бұл жағдай I Мехметтен кейін билікке келген сұлтан II Мұраттың саясатымен байланысты болып, ендігі кезекте жаңадан жорықтар ұйымдастырыла бастады. Мұндай қарама-қайшылықтың алдын алу үшін византиялықтар тарапынан елшіліктер ұйымдастырылды. Арнайы миссиялар жіберілді. Елшілер арасында тарихшы Дуканың өзі де болып, ол бұл туралы «Византия тарихы» еңбегінде көрсетеді (Степанов, 1953:390-395).

Кейіннен 1452 және 1453 жылдары түріктердің Константинопольді қоршауға алуы мен құлату кезеңінде Дука генуялықтармен бірге осман сұлтаны II Мехметтің сарайына барды. Ол сонымен қатар Дидимотика, Адрианополь, Излата және бірнеше рет Константинопольге дипломатиялық сапарда болды. Дуканың еңбектері түріктердің Константинопольді қоршауға және Византияны құлатуына қатысты негізгі деректердің қатарынан орын алады (Doukas, 1975:245).

Дуканың шығармалары мен жазбаларында Анадолы түрік сұлтандықтары құрылуынан бастап олар туралы мәлімет бергеннен кейін османдардың Византия жеріне қоныстануы туралы баяндайды. Сонымен Константинопольді жаулап алған кезде қалада болмаған Дука кейін Стамбулға келіп, өмір сүргендердің аузынан естіп, қаланы түріктердің жаулап алуын өз ойымен ұштастырып жазған. Кітаптың кіріспесі жоқ болғандықтан, оның авторы мен шығарманы қандай мақсатпен жазғаны туралы мәлімет алу мүмкін емес. Шығармада Дука өзінің саяси табиғаты тұрғысынан ұқыпты және бейтарап тіл қолдануға тырысқан. Кітаптың басы мен соңы жоқ. Дегенмен, ол түріктердің Константинопольді алу кезеңіндегі құнды тарихи деректердің бірі саналады.

Осылайша, Дуканың шығармалары көрсетіп отырғандай, Византия мен Осман мемлекетінің байланыстары Константинопольдің құлауы кезеңінде де орын алды. Бұл кезде Византия өз өмірінің соңғы жылдарын сүріп жатты. Ал, Осман сұлтандығы аймақтағы ең қуатты мемлекет болып, ол Византияға оқтын-оқтын сес көрсетті. Түріктер бұл кезде Солтүстік Балқанда және Анадолының шығыс бөлігінде үстемдік

етті (Doukas, 1958:115). Византияның негізгі аумағын бұл кезде Константинополь мен оны айналасындағы жерлер және гректердің Мореи деспоттығы (Мистра) мен басқа аралдары құрады. Бұл кезде XV ғ. 40-жылдары гректердің де ішінде жағдай тұрақсыз болып, олар Византия империясына бағынышты болды. Дегенмен, түріктерді грек аралдары қызықтырып, осман билігі тарапынан қысым көрсетілді. Уақыт санап, күшіне мінген түрік сұлтандары Мореи деспоттығын және бүкіл Грекия аумағын өзіне қаратуды көздеді.

Жалпы, Византия құрамындағы грек аралдары мен қалалары түріктердің негізгі көздеген объектілері болды. Грек деспот басшылары түрік сұлтандарына елші жіберіп, тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі келіссөздер жүргізді. Бірақ, мұның өзі пайдасын түбегейлі бере алған жоқ. Түріктер грек қалаларын жаулауда белсенді әрекеттер ұйымдастырды. Соның ішінде Салоники қаласына 1426-1430 жылдар аралығында бірнеше рет қоршап алып, ақыры 1430 жылы басып алды. Грек элитасының бір бөлігі Исламды қабылдады, олардың өмірі мен тұрмысына түріктердің өмір салты әсер етті. Қала Осман мемлекетінің бір бөлігіне айналды. Бұл туралы византиялық діни қызметкері Иоанн Анагностис жазбалары мәлімет береді. Иоанн Анагностис өзі II Мұрат сұлтанның 1430 жылы Салоникиге жасаған экспедициясының куәгері болды (Reynolds, Wilson, 1991, 290-295).

Мұндай қауіп-қатердің алдын-алу үшін морейліктер мен гректердің үлкен бөлігі Византияға бағынды. Ал, Византия бұл аймақтарға иелік ету мақсатында түрік сұлтандарынан грек аралдарына қысым көрсетпеуді сұрады. Оның басты оқиғаларының бірі – 1446 жылы император Константин Палеолог, сол кездегі Мореи деспоты, Фермопильдің оңтүстігіндегі грек мемлекеттерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін Георгий Халкондиди есімді елшісін түрік сұлтаны II Мұратқа дипломатиялық миссияға жіберді. Бұл туралы Георгий Халкондидидің баласы византиялық грек тарихшысы Лаоникос Халкондиди жазады. Берілген мәліметтер бойынша Византия билеушісі тарапынан ұсынылған шарттарға ашуланған сұлтан Георгий Халкондидиді түрмеге қамап, содан кейін Коринф жағалауындағы Гексамилон дуалын ұстап тұрған Константиннің әскерлеріне аттанды және үш күндік қоршаудан кейін бекіністерді қиратып, қорғаушыларды қырып тастады (Harris, 2003:155-160). Миллердің айтуынша, елшілік құрамында болған Лаоникос

Халкондиди бұл шайқастың «анық» куәгері болған. Өзінің сауаттылығымен танылған ол түріктердің қолына өткен. Бұл туралы тарихшы Теодор Спандунес Лаоник Халкондидиді сұлтан II Мұраттың хатшысы болғанын және оның 1444 жылы Варна шайқасында қатысқанын айтады (Miller, 1922:37-38).

Лаоникос Халкондиди түрік тілін жақсы білген. Ол осы тілдегі жазбаша дереккөздерді пайдалана алатындай дәрежеде білді деп айта алмасaq та, түрік тілін кем дегенде кейбір сөздерді грек тіліне аударуға жеткілікті түрде білген. Бастысы, ол түрік тілін білетін немесе осы тілден аудармаларды жасай алатын адамдарға жақын болған. Лаоникос Халкондиди екі мемлекетте де емін-еркін өмір сүрді. Оның өзге саяси, барлаушылық пиғылдары аз немесе байқалмады деуге болады (Çolak, 2008: 332). Халкондиди Османлы сұлтандары мен мемлекет қайраткерлері туралы жазғандарын Османлы деректерімен салыстыратын болсақ, кейбір маңызды жәйттерді көруге болады. Халкондиди сұлтан II Мұратты өзінен бұрынғы Османлы сұлтандарына қарағанда әлдеқайда үлкен көсем деп санап, оны византиялықтар сияқты «базилей» ретінде сипаттайды (Çolak, 2008: 344).

Атап отырғанымыздай, Византия мен Осман мемлекетінің байланыстары осы XV ғасырдың екінші ширегінде шиеленісе түсті. Бұл кезде Кіші Азиядағы сұлтандықтар мен осыдан тыс аймақтарда өмір сүріп жатқан Латин империялары Византияға қауіп төндіріп, Константинопольді басып алуға ниетті болды. Бірақ, айтып отырғанымыздай түріктер бұған жол бермей, қаланы өздері иеленгісі келді (Neciroğlu, 2009:338-340). Дегенмен, соғыс факторларымен бірге өзара қатынастар да орын алды. Бұл туралы Георгий Сфрандзидің хроникаларында нақты келтірілген. Георгий Сфрандзи 1401 жылы Константинопольде дүниеге келіп сонда өмір сүрген ол императорлық сарайда қызмет еткен. Ол Палеологтар әулетіне ұзақ жылдар қызмет еткен отбасыдан шыққан және сондықтан император сарайына жақын болып өскен (Kaуарпаг, 2009:39).

Георгий Сфрандзи 16 жасынан сарайда болып, кейін көптеген қызметтерде болған және солардың бірі елшілік қызмет болып, ол Осман мемлекетіне елшілікке аттандырылып отырған. Ол 1424 жылы сұлтан II Мұратқа елші ретінде жіберілсе, 1436 жылы түрік қолбасшысы Тұрхан пашаға елші ретінде барады. Ол 1447 жылы Трабзонға, 1448 жылы II Мұрат сұлтанға

император Константиннің таққа отырғанын хабарлау үшін барды. Сонымен қатар, көп мәрте елшілік құрамында болып, түріктермен туындаған даулы саяси мәселелерді шешуге араласты. Мұндай қызметтерге оның көп тіл білуі мүмкіндік берді. Ол түріктермен бірнеше рет келіссөздерде болып арадағы байланысты тұрақты етіп ұстап отыруға тырысты. Оның басты мақсаты – император әулетімен бірге Константинопольді аман сақтау болды. Бірақ, бұл мүмкін емес еді. Константинопольді алу мақсат тұтқан және бірнеше рет қоршап нәтижеге жете алмай келе жатқан османдардың сұлтаны II Мехмет 1453 жылы қаланы қоршауға алып, тегеурінді қарсылыққа қарамастан қамалды бұзып өтті.

Осылайша, сан ғасырлық тарихы бар, әлемдік өркениеттің орталығы саналған Византияның өмір сүруі осымен тоқтады. Ал осы туралы негізгі ақпарат көзін беретін византиялық тарихи деректердің негізгілерінің бірі Георгий Сфрандзидің кітаптары мен естеліктері болып табылады. Айта кетерлігі, ол осы кезде, яғни түріктердің Константинопольді алуы кезінде тұтқынға түседі. Ол 1453-1454 жылдары түрік тұтқынында болып, кейін Пелопоннес деспоты Томас Палеологтың қызметінде болды. Георгий Сфрандзи «Естеліктер» атты шығармасы 1413-1477 жылдар аралығын қамтып ол өте құнды мәліметтерден тұрады. Ол 1477 жылы жазылған шығармасы аяқталған соң қайтыс болған деп есептеледі. Оның Chronicon Minus (кішкентай жылнама) және Chronicon Maius (үлкен жылнама) деп аталатын екі түрлі шығармасы бар. Текстологтар мен хронографтардың пікірінше бұл жазбалар автордың өмір сүрген заманындағы оқиғаларға сәйкес келеді және хронологиялық ретпен орналастырылған. Ол жылдарды көрсету үшін рет-ретімен Византия күнтізбесін, ал жерлерде Григориан күнтізбесін қолданды (Sphrantzes, 1980:15-21).

Осылайша, Осман мемлекеті мен Византияның бір жарым ғасырға жуық байланыстарының соңғы нүктесі 1453 жылы түріктердің Константинопольді алуы болды (Philippides, 2007: 401-405). Тарих өзінің басқа жолын таңдап, Византия астанасы енді Осман мемлекетінің астанасына айналды. Мұсылманша азан шақырылып, ол бойынша қаланың атауы Стамбул деп өзгертілді. Бұл туралы жоғарыда аталғандай, византиялық авторлар Дука мен Георгий Сфрандзидің жазып қалдырған шығармалары мәлімет береді (Smarnakis, 2015: 212-215). Жалпы, түріктер тарапынан Константинопольдің

алынуы туралы византиялық тарихшылардан бөлек дін адамдары да мәліметтер жазып қалдырған. Солардың бірі Кардинал Исидор болып, ол осы соғысты өз көзімен көрді және ол туралы өз жазбаларын қалдырды. Оның таңданысы ерекше болып, ол сұлтан II Мехметтің соғыс әрекеттерін атақты Александр Македонскийдің соғыс қимылдарына балап көрсеткен (Isidore, 2020:351-362).

Осылайша, тарихшылардан бөлек византиялық авторлардың арасынан философтар мен шіркеу қызметкерлері де жазбалар қалдырып отырғанын көруге болады. Олардың еңбектерінде Осман-Византия арасындағы байланыстардың осы бір шиеленіскен кезеңін, яғни Константинопольдің құлау кезеңіндегі тарихты көрсететін мәліметтер берілген. Олардың қатарында Михаил Критовулдың мәліметтері құнды саналады. Михаил Критовул 1410-1470 жылдары өмір сүріп, ол Константинопольдің құлау тарихын көзімен көрген адам болды. Ол осы туралы еңбектер жазды (Critobulus, 1954: 188-192). Бір қызығы византиялық авторлар арасынан түріктермен жақсы қарым-қатынаста болған тіпті сұлтан мен осман сарайының өкілдерімен тікелей байланыс орнатқан адамдар болды. Михаил Критовул солардың бірі болып, ол сұлтан II Мехметтің сенімді адамы болды. Ол II Мехмет сұлтанның бұйрығымен осман жаулап алушысының 1451-1467 жылдардағы істері туралы бес кітаптан тұратын тарихи еңбек жазды, оны «II Мехмет тарихы» деп те атайды (Kritovoulos, 1967:250-252). Бұл кейбір зерттеушілердің пайымдауынша түркофилдік туынды болып, ол Осман мемлекетінің тарихи

шығармасына айналды. Мәтін қолжазба күйінде сақталған.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, орта ғасырларда түркі әлемінің ең ұзақ өмір сүрген қуатты мемлекеттерінің бірі – Осман мемлекетінің құрылуынан бастап оның өзіндік сыртқы саясатының бағыттары қалыптасты. Осман сұлтандығының сыртқы саясатының негізгі бағыты Византияға қарай бағытталды. Бұрыннан белгілі болғандай, өзінің құрылған кезінен бастап сыртқы саясатта табысты соғыстар жүргізген осман-түркілері сан ғасырлар бойына Еуропа мен Азияның алтын көпірін қолында ұстаған Византияны барынша әлсіретті. Келесі кезекте, соғыс қимылдарынан тыс византиялықтар мен түріктер арасында бұрын соңды белгілі болмаған кең көлемді саяси байланыстардың болғаны анықталды. Бұған осы тақырып аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері дәлел болып отыр. Солардың бір бағыты ретінде византиялық авторлардың хроникалары мен тарихи еңбектері негізінде жүргізіліп, нәтижесінде Осман мемлекеті мен Византияның өзара қарым-қатынастарының жаңа беттері ашылды. Зерттеу нәтижесінде екі жақтың соғыстан тыс өзара мемлекетаралық және елшілік қатынастардың болғаны анықталды және ол бойынша жаңа фактілер көрсетілді. Уақыт ағымына сай жаңа көзқарастар мен ұстанымдарға негізделіп жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері бұрынғы біржақты тұжырымдарды теріске шығаратыны сөзсіз.

### Әдебиеттер

- Cardinal Isidore (1390–1462). (2020). *A Late Byzantine Scholar, Warlord, and Prelate* By Marios Philippides, Walter K. Hanak. by Routledge 436 p.
- Donald M. Nicol. (1993). *The Last Centuries of Byzantium, 1261-1453*. Cambridge University Press, p 463
- Donald M. Nicol. (2002). *The Reluctant Emperor: A Biography of John Cantacuzene, Byzantine Emperor and Monk, C.1295-1383*. Cambridge University Press, p 228
- Doukas, (2004). *Histoire turco-byzantine: introduction, traduction et commentaire* by Jean Dayantis. Atelier national de reproduction des thèses, – p. 353
- Dukas, (1958). *Турко-βυζαντινή Ιστορία*, Ed. Vasile Grecu, Editura Academiei Republicii populare romine (Scriptores byzantine 1), Bucuresti.
- Decline and fall of Byzantium to the Ottoman Turks / (1975)*. by Doukas; an annotated translation of “Historia Turco-Byzantina” by Harry J. Magoulias. Detroit: Wayne State University Press, 346 p
- Failler, Albert; Laurent, Vitalien, eds. (1984). *Georges Pachymérés: Relations historiques*. (Vol. 1-5). Paris: Les Belles Lettres.
- Feridun Dirimtekin, (1973), “Muassır Bizans Kaynaklarına Göre Osmanlıların Rumeliye Geçişi ve Yerleşmeleri”, VIII. Türk Tarih Kongresi, c. II, Ankara, s. 578.
- Georgii Pachymeris, (1835). *De Michaelle et Andronico Paleologis I*, CSHB (Bonnae)
- Halil İnalçık, (1997). “Osman Gazi'nin İznik Kuşatması ve Bafeus/Koyunhisar Muharebesi”, *Osmanlı Beyliği (1300-1389)*, Tarih Vakfı Yurt Yayınları



- Hasan Çolak, (2008). “Bizans Tarih Yazıcılığında “Dönüşüm””:Laonikos Chalkokondyles’te Bizanslı ve Osmanlı İmajı (1299-1402)”, *Uludağ Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, yıl: 9, №:15. – S. 333-352.
- Ioannis Cantacuzeni eximperatoris historiarum libri IV: Ed. L. Schopen. Vol. I. Bonnae, 1828. [пер. с лат.] / Хвальков Е.А. (2011). – «Восточная литература».
- Johanni Cantacuzeni Historiarum libri IV. V. 1-3. Bonnae, pp.1828-1832.
- Jonathan Harris, (2003). “Laonikos Chalkokondyles and the rise of the Ottoman Empire”, *Byzantine and Modern Greek Studies* 27, pp.153–70.
- Степанов А.С. (1952). Труд Дуки как источник по истории восстания Берклиджи Мустафы начала XV в. // *Византийский временник*. – № 5. С. 99-104.
- Степанов А.С. (1953). Византийские историки Дука и Франдзи о падении Константинополя // *Византийский временник*. № 7. С. 384-430
- Kritovoulos. (1967). *Tarih-i Sultan Mehmed Hân-ı Sâni: İstanbul’un fethi*. Kitapçılık Ticaret Limited Şirketi yayınları, – p. 252
- Levent Kayapınar, (2009), “Sphrantzes, Georgios: Bizanslı Tarihçi”, *Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi*, c: 39, İstanbul, s. 416.
- Marios Philippides. (2007). *Mehmed II the Conqueror and the Fall of the Franco-Byzantine Levant to the Ottoman Turks: Some Western Views and Testimonies* ACMRS/Arizona Center for Medieval and Renaissance Studies, p. 430.
- Michael Critobulus. (1954). *History of Mehmed the Conqueror*. Translated from the Greek by Charles T. Riggs Princeton University Press, p. 222
- Miller, (1922). “The Last Athenian Historian: Laonikos Chalkokondyles”, *Journal of Hellenic Studies*, 42, p. 37
- Nevra Necipoğlu, (2009). *Byzantium between the Ottomans and the Latin: Politics and Society in the Late Empire*. Cambridge: CUP, p.350.
- Nilgün Elâm, (2021). “Bizans-Osmanlı İlişkilerinde Sözde Barış Dönemi (1413-1421)”, *History Studies*, 13/4, Ağustos, s. 1205-1237.
- Preface to the Chronicle; translated by Marios Philippides, *The Fall of the Byzantine Empire: A Chronicle by George Sphrantzes, 1401-1477* (Amherst: University of Massachusetts, 1980
- Reynolds L.D., Wilson N.G., Nigel Guy Wilson. (2013). *Scribes and Scholars: A Guide to the Transmission of Greek and Latin Literature*. OUP Oxford, – p. 325
- Sakaoğlu, Necdet (1999), *Bu Mülkün Sultanları*, İstanbul: Oğlak Yayınları.
- Theodossiou, E.T., Manimanis, V.N., Dimitrijevic, M. S., & Danezis, E., (2006). *The Greatest Byzantine Astronomer Nicephoros Gregoras and Serbs*, Publications of the Astronomical Observatory of Belgrade, Cilt. 80, p. 269-274,
- Yannis Smarnakis. (2015). “Rethinking Roman Identity after the Fall (1453): Perceptions of ‘Romanitas’ by Doukas and Sphrantzes” // *Byzantina Symmeikta* 25, pp. 211-234.

## References

- Cardinal Isidore (1390–1462). (2020). *A Late Byzantine Scholar, Warlord, and Prelate* By Marios Philippides, Walter K. Hanak. by Routledge 436 p.
- Donald M. Nicol. (1993). *The Last Centuries of Byzantium, 1261-1453*. Cambridge University Press, p 463
- Donald M. Nicol. (2002). *The Reluctant Emperor: A Biography of John Cantacuzene, Byzantine Emperor and Monk, C.1295-1383*. Cambridge University Press, p 228
- Doukas, (2004). *Histoire turco-byzantine: introduction, traduction et commentaire* by Jean Dayantis. Atelier national de reproduction des thèses, – p. 353
- Dukas, (1958). *Турко-βυζαντινή Ιστορία*, Ed. Vasile Grecu, Editura Academiei Republicii populare romine (Scriptores byzantine 1), Bucuresti.
- Decline and fall of Byzantium to the Ottoman Turks / (1975)*. by Doukas; an annotated translation of “Historia Turco-Byzantina” by Harry J. Magoulias. Detroit: Wayne State University Press, 346 p
- Failler, Albert, Laurent, Vitalien, eds. (1984). *Georges Pachymères: Relations historiques*. (Vol. 1-5). Paris: Les Belles Lettres.
- Feridun Dirimtekin, (1973), “Muasır Bizans Kaynaklarına Göre Osmanlıların Rumeliye Geçişi ve Yerleşmeleri”, [The Transition of the Ottomans to Rumelia and their Settlement According to Contemporary Byzantine Sources]. // VIII. Türk Tarih Kongresi, c. II, Ankara, s. 578.
- Georgii Pachymeris, (1835). *De Michaelle et Andronico Paleologis I*, CSHB (Bonnae)
- Halil İnalçık, (1997). “Osman Gazi’nin İznik Kuşatması ve Bafeus/Koyunhisar Muharebesi”, *Osmanlı Beyliği (1300-1389)*, [The Transition of the Ottomans to Rumelia and their Settlement According to Contemporary Byzantine Sources]. // *Tarih Vakfı Yurt Yayınları*
- Hasan Çolak, (2008). “Bizans Tarih Yazıcılığında “Dönüşüm””: Laonikos Chalkokondyles’te Bizanslı ve Osmanlı İmajı (1299-1402)”, [“Transformation” in Byzantine Historiography: The Byzantine and Ottoman Image in Laonikos Chalkokondyles (1299-1402)]. // *Uludağ Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*, yıl: 9, №:15. – S. 333-352.
- Ioannis Cantacuzeni eximperatoris historiarum libri IV: Ed. L. Schopen. Vol. I. Bonnae, 1828. [per. from lat.] / Khvalkov E.A. (2011). “Oriental Literature”.
- Johanni Cantacuzeni Historiarum libri IV. V. 1-3. Bonnae, pp.1828-1832.
- Jonathan Harris, (2003). “Laonikos Chalkokondyles and the rise of the Ottoman Empire”, *Byzantine and Modern Greek Studies* 27, pp. 153–70.

Stepanov A.S. (1952). Trud Duki kak istochnik po istorii vosstaniya Berklidzhi Mustafy nachala XV v. [Duka's work as a source on the history of the uprising of Berklidja Mustafa at the beginning of the 15th century]. // *Vizantiyskiy vremennik*. – №5. – S. 99-104.

Stepanov A.S. (1953). Vizantiyskiye istoriki Duka i Frandzi o padenii Konstantinopolya [Byzantine historians Doukas and Franzi about the fall of Constantinople] // *Vizantiyskiy vremennik*. – № 7. – С. 384-430

Kritovoulos. (1967). Tarih-i Sultan Mehmed Hân-ı Sâni: İstanbul'un fethi. [Conquest of Istanbul]. Kitapçılık Ticaret Limited Şirketi yayınları, – p. 252

Levent Kayapınar, (2009), "Sphrantzes, Georgios: Bizanslı Tarihçi", [Sphrantzes, Georgios: Byzantine Historian]. / Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi, c: 39, İstanbul, s. 416.

Marios Philippides. (2007). Mehmed II the Conqueror and the Fall of the Franco-Byzantine Levant to the Ottoman Turks: Some Western Views and Testimonies ACMRS/Arizona Center for Medieval and Renaissance Studies, – p. 430

Michael Critobulus. (1954). History of Mehmed the Conqueror. Translated from the Greek by Charles T. Riggs Princeton University Press, – p. 222

Miller, (1922). "The Last Athenian Historian: Laonikos Chalkokondyles", *Journal of Hellenic Studies*, 42, p. 37

Nevra Necipoğlu, (2009). Byzantium between the Ottomans and the Latin: Politics and Society in the Late Empire. Cambridge: CUP, p.350.

Nilgün Elâm, (2021). "Bizans-Osmanlı İlişkilerinde Sözde Barış Dönemi (1413-1421)", *History Studies*, 13/4, Ağustos, S. 1205-1237.

Preface to the Chronicle; translated by Marios Philippides, *The Fall of the Byzantine Empire: A Chronicle by George Sphrantzes, 1401-1477* (Amherst: University of Massachusetts, 1980

Reynolds L.D., Wilson N.G., Nigel Guy Wilson. (2013). *Scribes and Scholars: A Guide to the Transmission of Greek and Latin Literature*. OUP Oxford, – p. 325

Sakaoğlu, Necdet (1999), *Bu Mülkün Sultanları*, İstanbul: Oğlak Yayınları.

Theodossiou, E.T., Manimanis, V.N., Dimitrijevic, M. S., & Danezis, E., (2006). *The Greatest Byzantine Astronomer Nicephoros Gregoras and Serbs*, Publications of the Astronomical Observatory of Belgrade, Cilt. 80, p. 269-274,

Yannis Smarnakis. (2015). "Rethinking Roman Identity after the Fall (1453): Perceptions of 'Romanitas' by Doukas and Sphrantzes" // *Byzantina Symmeikta* 25, pp. 211-234.